



Құрметті қауым!

Жаңа ғана сөз сөйлеген Құрылтай мүшелері маңызды ой-пікірлер айтты. Құрылтайдың аясында пайдалы пікір алмасулар болды. Барлығы еліміздің дамуына қажетті боларына сенемін.

Бүгін Ұлттық құрылтай жиыны осымен бесінші рет шақырылып отыр. Бұл форумның алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өтті. Екінші жиын түбі бір түркі жұртының қара шаңырағы – Түркістанда болды. Үшінші отырыс бірегей Атырау аймағында ұйымдастырылды. Ал былтыр тарихы бай Көкшетау төрінде жиналды.

Енді міне, қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғанын баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды.

Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі.

Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күрішші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді.

Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді.

Аймақтағы автокөлік жолының сапасы жалпы жақсы жағдайда деуге болады. Облыстың әуе және темір жол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі – темір жол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 темір жол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі.

Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ БЕСІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі.

Өткен ғасырдың ортасында адамзат баласы алғаш рет Байқоңырдан ғ а р ы ш қ а аттанғаны – бүкіл әлемге белгілі дерек. Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи өлке жаңа дәуірде де ойдағыдай дамуда.

Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкарал бөгетін биіктегу шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде өртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет.

Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

Бүгінгі басқосуға Сыр елінің азаматтары қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер және жастар бар. Осы орайда, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отаншылдықты көремін. Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады. Мысалы, Нағи Илиясов, Таң ауылдарын бүкіл елге үлгі ретінде үнемі айтып жүремін. Сіздер осы аймақпен қатар, күллі еліміздің дамуына үлес қосып келесіздер.

Біз бір ел, бір халық болып жұмыла білгеннің арқасында өткен жылды мол табыспен аяқтадық. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Еліміздің ішкі жалпы өнімі 300 миллиард доллардан асты, ал жан басына шаққандағы үлесі тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет 15 мың доллар болды. Бұл – бүкіл Орталық



Азия аймағы бойынша рекордтық көрсеткіш. Ұлттық қордың валюталық активтері 5 миллиард долларға ұлғайды. Алтын-валюта қорымыз ең жоғары деңгейге жетіп, 65 миллиард доллардан асты. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Халық саны 20,5 миллионға жуықтады. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті.

Ең бастысы, қоғам өзгерді, реформаларымыз тұрақты сипатқа ие болды, халықтың сана-сезімінде үлкен бетбұрыс жасалды. Осы ретте, Ұлттық құрылтай айрықша рөл атқарғаны сөзсіз. Төрт жылда Құрылтай мүшелері ел өміріне ықпал ететін көптеген маңызды бастама көтерді. Ұлттық құрылтайда айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданды. Осының өзі Құрылтай ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болғанын айқын көрсетеді.

Әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлыққа және нашақорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Ономастика саласындағы жұмыстар ретке келтірілді. Мемлекеттік наградалар жүйесіне жаңадан құрметті атақтар енгізілді. Сол арқылы еңбек адамдарының мәртебесі арта түсті. Бұдан бөлек, біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын басты құндылықтарымызды айқындап алдық. Ұрпақтың болашағына зиянын тигізетін кеселдерге барынша тосқауыл қоятын болдық.

Құрылтай мүшелері өткен жылғы жиында ішкі саясат саласын ретке келтіру туралы бастама көтерді. Тиісті құжатты әзірлеуге өздеріңіз белсене атсалыстыңыздар. Былтыр Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді. Енді осы құжатты басымдық ретінде қарап, белсенді түрде іске асыруымыз керек.

Қадірлі қауым!

Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі – мәдениет пен өнер. Себебі қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл – ақиқат. Сондықтан біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруалар қолға алынады. Атап айтқанда, Алматы облысында қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Осыған орай, театр ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер теа-

тры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді.

Музей ісін дамыту – маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады.

Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі.

Қазіргі таңда жастар арасында Қазақстан өрлеу кезеңіне қадам басты деген пікір бар. Жас буын өкілдері жаңа қоғамдық этиканы, креативті индустрияны дамытуға зор үлес қосуда. Өлем елдері қазіргі қазақ өнерін ерекше құбылыс деп бағалайтын болды. Кино саласы да дамып жатыр.

Жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігімізді өнерімен айшықтап, ұлтымызды жаһан жұртына танытуы – зор мақтанш. Жастардың күш-қуаты, ынта-жігері, жанашылдығы мен жасампаздығы кез келген салаға зор серпін береді. Сондықтан біз өскелең ұрпаққа әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз. Олардың ұлттық құндылықтармен қатар жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша жағдай жасаймыз.

Бұған дейін Ұлттық құрылтайда еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту туралы бастамалар көтерілді. Соған сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасын ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізді. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маңғыстаудың жерасты мешіттерін» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Еліміздегі танымдық әрі тағылымдық мәні зор тарихи орындар мен құнды жәдігерлер аз емес. Мысалы, таза ағаштан салынған Жаркент мешіті – қытай сәулетшілері мен ұйғыр шеберлерінің қолынан шыққан бірегей туынды. Алматыдағы «Вознесенск кафедралды шіркеуі» де айрықша тарихи нысан. Татулық пен достықтың символы саналатын осы екі ғимаратты «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатының іс жүзіндегі көрінісі деуге болады.

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда

жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын. Құзырлы министрлікке осы мәселелерге қатысты жұмысты қолға алуды тапсырамын.

Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Олардың мұралары – біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Еліміздің гуманитарлық институттары ұлы ойшылдарымыздың ілімін жүйелі түрде насихаттағаны жөн.

Басты міндет – халқымыздың баға жетпес қазынасы ұлттық мұрасын сақтап, ұрпаққа табыстау. Осы ретте, кейбір Құрылтай мүшелерінің философия, әлеуметтану, саясаттану сияқты ғылымдарды дамыту және қоғамдық-саяси ой-пікірлер көптомдығын әзірлеу туралы ұсынысын атап өтуге болады. Сондай-ақ олар ғылыми мекемелердің зерттеулері онлайн платформа арқылы бәріне бірдей қолжетімді болуы керек екенін айтты.

Жуырда Астана мен Алматыда Президенттік кітапханалардың құрылысы басталады. Меніңше, бұл нысандар тек кітаптар жиналған жер емес, қазақтың тарихын, мәдениетін мен өркениетін дәріптейтін орталықтар болуы керек. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электрондық форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл – жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе.

Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады. Мен былтырғы Құрылтайда ғылыми еңбектерді, мұрағат материалдарын, мұражай қорларын және өнер туындыларын жүйелеу қажеттігін ерекше атап өттім. «Ұлттық цифрлық мұра» бұл шаруаны заман талабына сай жүргізуге мүмкіндік береді.

Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жылғында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Мен осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен Құрылтай отырысында айттым. Көп сериялы фильмнің тұсаукесері беделді халықаралық платформаларда өтеді. Бұл туынды Алтын Орда брендин жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Бірақ осындай тарихи тақырыпқа келгенде тартымды, көрнекі, яғни ви-

Басы 3-бетте

норманың тиімділігіне көзіміз жетті. Ел тарихында алғаш рет Мәжіліске алты партияның өтуі – соның айқын дәлелі. Сондықтан мен бес пайыздық межені қалдырған жөн деп санаймын.

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болды. Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, сонында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ.

Түптеп келгенде, біз бір қоғам болып қолға алған Парламенттік реформа еліміздің әлеуетін арттыратын болады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынын күшейтіп, сапасын жақсартта түседі. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұған кәміл сенемін.

Мен реформалар қоғамның қажеттілігі мен мемлекеттің даму жоспарына сәйкес үздіксіз жалғаса беретін үдеріс екенін бұған дейін бірнеше рет айттым. Өзгеріс жасау мәселесі әбден пісіп-жетілгенін Жұмыс тобы аясында өткен талқылаулардың қорытындысынан анық байқауға болады. Біз заңгерлер мен сарапшылардан, қоғам белсенділерінен парламенттік реформаға қатысты бес жүзден астам ұсыныс алдық. Еліміздің жалпы конституциялық құрылымына қатысты ұсыныстар саны бұдан үш есегей көп болды. Оның ішінде Жұмыс тобының құзыретіне кірмесе де, нақты негіздемесі бар, мұқият қарастыруды қажет ететін мәселелер де болды. Мысалы, қоғамды өңірлер мен этномәдени бірлестіктер өкілдерінің мемлекеттік билік жүйесінде болуына қатысты жайттар алаңдатады. Бұл жағында депутат бүгін Пономарев баяндады. Мұның елеусіз қалдыруға болмайтын, маңызды мәселе екені сөзсіз. Сондықтан оған мемлекет мүддесін ескере отырып, зор жауапкершілікпен қарау қажет. Жоспарланған өзгерістің бәрі үйлесімді болып, бірін-бірі толықтырып отыруы керек, ешқашан өзара қайшылыққа әкеп соқтырмауға тиіс. Қазақстандағы бірлік пен келісімнің бірегей үлгісі конституциялық қағидаттарға негізделген. Елімізде билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қалыптасқан дәстүрі бар. Менің мызғымас ұстанымым – осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, нығайта түсу қажет.

Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді.

Қазақстанның Халық Кеңесі

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ БЕСІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы релін атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі.

Кәсіби заңгерлер Ата заңның мәтініне қатысты пікірлерін білдірді. Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс бар. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі. Сенат төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді.

Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды түрде келуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс! Сонымен қатар Конституциямыздың мәтінінде жекелеген қателер бары анықталды. Кезінде терминологиялық, стильдік кемшіліктерге жол берілген. Конституциялық реформа аясында осы олқылықты да түзеуіміз керек. Бұл жұмысқа заңгерлермен қатар, білікті тіл мамандары шақырылады. Тағы бір маңызды мәселе. Біз Ата заңның Прембуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазуымыз керек. Онда қазақ жеріндегі өркеніет пен мемлекеттіліктің тарихы терең екені нақты көрініс табуға тиіс. Сол арқылы біз Қазақстанның Ұлы даладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек.



Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек. Негізгі заңға, соның ішінде, Преамбуланың жаңа мәтініне құқықтық мемлекет құруға, сондай-ақ табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты қағидаттарды енгізу керек деп санаймын. Мемлекет құрылысына қатысты осы қағидаттың бәрі – ешқашан ескірмейтін, әрдайым өзекті болып қала беретін және қайта қарауға жатпайтын мызғымас қағидаттар. Біз Ата заңда еліміздің зайырлы мемлекет екенін әйгілейтін нормаларды сақтап, күшейте түсуіміз қажет. Конституциямыз заман талабына сай болуы керек.

XXI ғасырда цифрландыру үдерісі өте жылдам жүріп жатыр, тұрақты және аса қарқынды сипатқа ие болды. Жоғары технология адамның күнделікті өміріне, құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсерін тигізге бастады. Болашақта бұл үрдіс үздіксіз жалғаса беретіні анық. Сондықтан еліміздегі цифрландыру үдерісінің институционалдық-құқықтық негізі Ата заңда міндетті түрде аталып өтуі қажет. Конституцияда азаматтардың дербес цифрлық деректері заңмен қорғалатыны нақты айтылуы керек деп санаймын. Мен өзірге келіп түскен ұсыныстардың негізгі тұстарына тоқталып өттім. Осылайша, конституциялық реформаның жалпы сұлбасы шығып келеді. Жарты жыл бойы өткізілген пікірталастар мен талқылаулар кезінде алдағы реформаға қатысты басты ұстанымдар айқындалды. Бұл ұстанымдар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тиісті байланыс арналары арқылы халықтан келіп түскен идеялар мұқият сараланды. Ойға қонымды бастамалар барынша ескерілді. Халықтың қолдауына ие болса, Қазақстанның мемлекеттік құрылысының жаңа кезеңі басталады.

Құрметті Құрылтай мүшелері! Сіздердің әрқайсыңыз ауқымды реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысып жүрсіздер. Елдегі өзгерістердің логикасын жақсы түсінесіздер. Саяси жаңғырудың басты мақсаты – Қазақстанның әлеуетін арттыру және мемлекеттілігіміздің қазіргі заманғы сын-қатерлерге дайындығын күшейту. Үстірт өзгерістер жасау маңызды емес. Мемлекеттік институттардың түпкі мәнін өзгерту және олардың өзара байланысын жақсарту маңызды.

2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабылдадық. Заң үстемдігін нығайтып, құқықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азаматтар мен кәсіпкерлердің пайдасына көбірек шешіле бастады. Олардың өз заңды мүдделерін табысты қорғауына жол ашылды. Кассациялық соттардың құрылуы және Адам құқығы жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебеге ие болуы азаматтардың құқықтарын қорғау жүйесін нығайту жолындағы маңызды қадам болды.

Біз сайлау жүйесін және өкілді органдарды жасақтау тәртібін жетілдірдік, олардың саяси ықпалы мен құзыреттерін едәуір күшейттіміз. Жаңа сайлау моделі Парламентке

және мәслихаттарға түрлі идеологиялық көзқарастағы адамдарға және саяси партиялар өкілдеріне жол ашып берді. Ауыл өкімдерін сайлау жүйесі енгізілгеннен кейін атқарушы билік тармағы жаппай жаңарды. Мемлекет басшысының туыстарына басқару жүйесіндегі жоғары әрі негізгі лауазымдарды иеленуге тыйым салынуы аса маңызды конституциялық жаңалық болды. Осылайша жан-жақты өзгерістер сот, заң шығару, атқару сияқты билік тармақтарының бәрін қамтыды. Бұл өзгерістер орталық деңгейде де, өңірлік деңгейде де болды. Бұдан бөлек, жоғарғы билік деңгейінде, яғни Президенттік институтта да елеулі өзгерістер жасалды.

Жүзеге асырылған және жоспарланып отырған өзгерістер асығыс қабылданған немесе белгілі бір жағдайға байланысты туындаған шешімдер емес. Мен бұл реформаның бәрін мемлекет мүддесінің сөзсіз басымдықтары мен халықтың игілігі тұрғысынан мұқият ойластырдым. Сондықтан бастамалардың бәрі елді жан-жақты жаңғыртудың ұзақ мерзімге арналған біртұтас стратегиясына тоғысып отыр. Оң әрі тұрақты нәтижеге жету үшін эволюциялық жолмен жүру, кезең-кезеңімен әрекет жасау, сондай-ақ қоғамды жаңа саяси және экономикалық ахуалға бейімдеу қажет екеніне сенімдімін. «Әр нәрсенің өз уақыты бар» деп халқымыз бекер айтпаған.

Ұлттық құрылтайдың бүгінгі қорытынды отырысында да осындай сәт туып тұр деп санаймын. Сол себепті жаңадан маңызды ұсыныс жанаашылдықты біз бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні деуге болады. Өңгіме Қазақстан Республикасының Вице-президенті институтын құру, тиісінше оны Конституцияда бекіту туралы болып отыр. Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын Мемлекет басшысы өзі белгілейді.

Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша:

- Халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;
- Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді;
- Еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады;
- Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды.

Вице-президенттің қызметтік міндеттеріне қатысты осы негізгі ережелерді де Конституция мәтінінде көрсеткен жөн болар еді.

Қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады. Сіздер Вице-президент лауазымы бірқатар мемлекетте бар екенін білетін шығарсыздар.

Біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ билік иерархиясын біржолға айқындап береді. Осы конституциялық жанаашылдық Президент билігі институтының өзі әлсірейді дегенді білдірмейтінін атап өткім келеді. Керісінше, Президент лауазымы мемлекеттік жүйедегі басты лауазым болып қала береді. Қазақстанның Президенттік республика ретінде табысты дами беретініне сенімдімін. Өзінің тиімділігін көрсеткен осы саяси жүйеден бас тартуға болмайды. Халықаралық тәжірибе дәл осы тандаудың дұрыс екенін

айқын көрсетіп отыр. Мен ұсынған мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу еліміздің дамуына зор серпін береді, оның әлеуетін арттыра түседі деп сенемін.

2022 жылғы жүйелі өзгерістермен қатар алып қарағанда, алдымызда тұрған реформаларды жүзеге асыру – 1995 жылы осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын бекітілген үлгіден мүлде жаңа конституциялық үлгіге көшу деген сөз. Осы бастамалар жалпыхалықтық референдумда азаматтарымыз тарапынан қолдау тапқан жағдайда Қазақстанның мемлекеттілігі, еліміздің саяси жүйесі түбегейлі жаңғырып, еліміз жаңа тұрақтылық деңгейіне көтерілмек. Осылайша, біз бір ел, бір халық болып, қазіргі алмағайып заманның сын-қатерлеріне төтеп береміз, оларды еңсереміз.

Жалпы, бастапқыда Парламенттік реформа аясында Ата заңның 40-қа жуық бабын өзгерту жоспарланған еді. Алайда, жұмыс барысында түзетулер саны әлдеқайда көп екені белгілі болды. 2022 жылғы реформадан Ата заңның 33 бабы жаңарғанын білесіздер. Ал ендігі өзгерістер одан да ауқымды. Біз, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасағалы тұрмыз.

Сондықтан мен Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдадым. Арнайы Жарлыққа ертең қол қоямын. Комиссия құрамына 100-ден астам азамат кіреді. Оның ішінде Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі заңгерлер, ақпарат құралдары басшылары, аймақтық мәслихат төрағалары мен қоғамдық кеңес өкілдері және басқа да білікті мамандар болады. Бұл жұмысқа Конституциялық соттың төрағасы жетекшілік етеді. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, қорытып, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді. Содан соң жалпыхалықтық референдум өтетін уақытты белгілейміз.

Әлемдегі ахуал тым шиеленісіп тұрғанына қарамастан, біз елімізде күрделі әрі түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырдық. 2022 жылғы конституциялық реформаға, одан кейін Атом электр станциясын салуға қатысты референдум кезінде халқымыздың басым көпшілігі мені қолдады. Мен әрбір шешімді елге қажеттігі тұрғысынан мұқият саралай отырып қабылдаймын. Азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты жұмыспен айналысу мен үшін бәрінен маңызды. Халықтың қамы, ұлттың, мемлекеттің мүддесі – мен үшін баға жетпес құндылық. Алдағы уақытта да елімізді дамытып, Тәуелсіздігімізді нығайта түсу жолында бар күш-жігерімді салып еңбек ете беремін. Осы орайда, стратегиялық бағдарымды үнемі қолдап келе жатқан барша халыққа және осы залда отырған еліміздің лайықты азаматтарына шын жүректен ризашылығымды білдіремін және зор алғысыма айтамын.

Құрметті қауым! Ұлттық құрылтай ел тарихында қалады. Біз аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыс атқардық. Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Сіздер еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани болмысын өзгерту жолында зор еңбек еттіңіздер. Мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қостыңыздар. Алдағы уақытта да біз бірге ел игілігіне қызмет ете береміз деп сенемін. Бізді әлі де көп жұмыс күтіп тұр.

Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалар енді басталды. Сондықтан қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмәйілісіп отыруға қақымыз жоқ, уақытымыз да жоқ. Бірлігімізді бекемдеп, білек сыбанып, іске кірісуіміз керек. Келесі Парламентіміз халқымыздың ұлттық санасында өзіндік орны бар ұғым, атына заты сай Құрылтай сөзімен аталса, мұны жақсы ырымға балауға болады деп сенемін.

Бүгін мен Ұлттық құрылтайдың қызметіне белсене атсалысып, реформалардың табысты жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттау туралы шешім қабылдап, тиісті Жарлыққа қол қойдым.

ЖЕТІСУДА АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ АРҚАСЫНДА ОН ЕКІ МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛАДЫ



Президент инвестиция тарту жұмысын күшейту туралы тапсырма берген болатын. Соған сәйкес Жетісу облысында жүйелі шаралар қолға алынып, бұл жұмыс облыс әкімінің қатаң бақылауына алынған. Мәселен, 2026–2029 жылдары жалпы сомасы 2,8 трлн теңге болатын 79 жобаны іске асыру жоспарланған, нәтижесінде 11,8 мың жұмыс орны құрылады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, бұл жобалар ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, жаңартылатын энергия көздерінде, көлік пен логистикада, туризм, қызмет көрсету және басқа да салаларда іске асырылады. Солардың қатарында «Шоғырландырылған құрылыс тау-кен компаниясы» ЖШС-ның кен байыту комбинатының, «Қазақстан-Қытай халықаралық өнеркәсіп қаласының», «SKYHANSA» ЖШС халықаралық жүк-жолаушы әуежайының құрылыстары сияқты іргелі жобалар

бар.

- Биылғы жылдың соңына дейін 43 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, оларда шамамен 4 мың жұмыс орны құрылады. Бұл ретте «Envision KKS» ЖШС жел электр станцияларын және энергия жинау жүйесін шығаратын зауыттары, «Standart Steel KZ» ЖШС мырышталған жұқа металл өнімдерін полимерлі қаптамада өндіретін кәсіпорын т.б. атап өтуге болады. Осы орайда экономикалық өсу мен инвестиция тартудың маңызды нүктелерінің бірі Қорғас торабы десек, сол екі арнайы экономикалық аймақтың аумағында үш мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, 85 млрд. теңгеге 45 жоба іске асырылды, - дейді облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Серік Сәбетайұлы.

Атап өтсек, өткен жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 12,8% өсіп, 611 млрд. теңгені құрады, оның 71%-ы немесе 434,8 млрд. теңгесі жеке инвестициялардың үлесіне тиесілі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай (архив)

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЖЕТІСУДА ӨТ ӨНДІРІСІ 4,6%, СҮТ ӨНДІРІСІ 4,4% АРТТЫ

Жетісу облысында өткен жыл қорытындысы бойынша мал шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 3,9% пайызға өсіп, 198,3 млрд. теңгені құрады, соның ішінде өт өндірісі - 4,6%, сүт өндірісі 4,4% пайызға артты. Ал өңірде мал саны 2,3 млн басқа жуықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, мал басын ұлғайту мақсатында, өткен жылы «Аграрлық несиелік корпорациясы» арқылы 3,3 млрд. теңгеге 12,1 мың бас жылқы, ірі қара мен ұсақ мал сатып алынды.

- Бұдан бөлек, бордақылау аландарының жүктемелігін арттыру бойынша Аграрлық несиелік корпорациясы тарапынан 5% жеңілдетілген 2 жаңа несиелеу бағдарламасы қабылданды. Бірінші бағдарлама

бойынша бүгінгі күнге Ақсу, Алакөл аудандары мен Талдықорған қаласындағы 3 бордақылау алаңы жалпы сомасы 1,5 млрд. көлемінде жеңілдетілген несиелік берілді. Ал екінші бағдарлама бойынша қаржыландыру көктемде басталады. Жалпы, бүгінгі күнге 29,2 мың ірі қара басқа арналған 72 бордақылау алаңы бар. Сонымен қатар «NAT AGRO» ЖШС өз қаражаты есебінен 1,5 млрд. теңгеге 2 мың бас ірі қара мал бордақылау алаңының құрылысын аяқтады. Онда жылына 1 500 тонна өт өндіру жоспарда, - деді облыстық



ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Мұрат Тілеубаев.

Жалпы өткен жылмен салыстырғанда 2026 жылы мал шаруашылығы саласын субсидиялау көлемі 2 есе ұлғайтылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Жұмабай Мұсабеков (архив)

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «ЕСО IT: ТАЗАЛЫҚҚА ЖОЛ!» АТТЫ ХАКАТОН ӨТКІЗІЛДІ



«Т а з а Қ а з а қ с т а н» экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысында ортақоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған «ЕСО IT: Тазалыққа жол!» атты экологиялық хакатон өтті.

Аталған хакатонның негізгі мақсаты - жастардың экологиялық мәселелерге деген саналы көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзекті мәселелерге заманауи, креативті және тиімді шешімдер ұсынуға мүмкіндік беру, сондай-ақ жастар арасында экологиялық белсенділікті арттыру. Іс-шара экология тақырыбындағы инновациялық ойлар мен тың бастамаларды қолдауға бағытталған маңызды диалог алаңына айналды.

Хакатонға өңірдің әртүрлі жоғары оқу орындары мен колледждерінен 12 команда қатысып, өздерінің экологиялық жобаларын әзірлеп, қазылар алқасының назарына ұсынды. Қатысушылар экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған нақты ұсыныстарын қорғап, командалық жұмыс, көшбасшылық, стратегиялық ойлау және жобалық менеджмент дағдыларын көрсетті.

Іс-шара бағдарламасы аясында экология, тұрақты даму және қоғамдық белсенділік саласында тәжірибесі мол спикерлер мазмұнды баяндамалар жасап, экологиялық қауіпсіздік, тазалық мәдениеті, жауапты тұтыну және қоғамның экологиялық ой-санасын көтеру мәселелері бойынша ой бөлісті. Шара спикерлері ретінде «Алтын Адам креатив орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Динара Бакирова, Қазақстан студенттер альянсының Жетісу облысы бойынша төрағасы, Жетісу облысының студенттік омбудсмені Ақерке Қызақбай, «Jetisu jastary» КММ директорының орынбасары Арнай Байжұрынов сөз сөйледі.

Хакатон қорытындысы бойынша үздік деп танылған 3 жоба арнайы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды. Атап айтқанда, 1-орын «ЕСО Next», 2-орын «Help Hand», 3-орын «Таза Code» командаларына берілді. Сонымен қатар қатысушылардың бәріне алғыс хаттар табысталып, олардың экологиялық бастамаларға қосқан үлесі жоғары бағаланды.

«ЕСО IT: Тазалыққа жол!» экологиялық хакатоны жастардың экологиялық мәселелерге бейжай қарамай, таза орта қалыптастыру жолында белсенді әрекет етуіне мүмкіндік берген маңызды қоғамдық платформа болды.

#ТазаҚазақстан #TazaQazaqstan

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ БІЛІМ ОРДАСЫ



Мәншүк Маметова атындағы орта мектебі өзінің бастауын сонау 1930-31 жылдары Калинин атындағы 4 жылдық мектеп болып бастады. Кеңес өкіметінің жалпы сауаттылықты ашу жылдары осы кезеңге тап келгендіктен, мектеп бастауыш болды да, біртіндеп жетікжылдық, сегізжылдық, орта мектеп болып қалыптасты. 1950 жылға дейін қазақ тілдегі сыныптар болса, 1950-1990 жылға дейін тек орыс тілінде дәріс беретін білім ордасы болды. 1965 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының батыр қызы Мәншүк Маметова атындағы орта мектебі атағы берілді. 1989-1990 жылдары қазақ сыныптары ашылып, мектеп аралас тілдегі орта мектеп болды. Оның алғашқы түлектері мектепті бітіргеннен кейін өз ұстаздарымен қатар бүкіл өмірін білім саласына арнап, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге сарп етті.

Иә, мектептің сан мыңдаған түлектерінің жүрегіне нұр құйған ұстаздар бейнесі, олардың есімдері қаншама жылдар өтсе де өз шәкірттерінің есінде, жадында сақталатыны сөзсіз. Алтын ұя мектеп туралы, ұстаздар туралы, олардың жақсылығы туралы ой жаңғыртып отыру адамгершіліктің бір белгісі. Білім ордамыздың 95 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған, ортамыздан кеткен, ұстаздық жолда еңбегі ардақталған, осы Шымыр ауылының тумалары, мектеп басшылары қызметінде болған Сағатбеков Рүстембек Асанұлы, Жандильдинов Орынбасар Жандильдіұлы, Сағындық Сабырбек Аманбекұлы, Изенбаев Баймұхамбет Изенбайұлы ағаларымызды еске алу мақсатында облыс көлемінде еске алу турнирі өткізілді. Турнирдің басты мақсаты: бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Турнирге облыс көлемінен 11 команда қатысты. Олар: Жаркент қаласы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қаратал ауданы, Сарқан ауданы, Басши ауылы, КТЛ командасы, Бегім-Бек командасы, Талдықорған командасы, Шымыр-Маметова командасы, Шымыр командасы.

Аталған іс шара ауылымызда орналасқан Спорт кешенінде ашылу салтанатымен басталып, ол жерде Қазақстан Республикасының Гимні ойналып, қадірменді қонақтарымыз Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Ж.Жанузакова, Қазақстан Чернобыль ардагерлері қауымдастығының орталық кеңесінің заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Х.Мұстафа, еске алып отырған ағаларымыздың ұрпақтары атынан С.Рүстембекұлы, мектеп директоры Р.Мейрбекова өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Құттықтау сөз әдемі әсем әнмен, мың бұралған бимен, ауылдық орталық мешіттің қатымханасында ұйымдастырған түскі аспен жалғасын тапты.

Турнир өте жоғары деңгейдегі тартыспен өтіп, нәтижесінде Жаркент командасы I орын, Үшарал командасы II орын, Алакөл ауданы командасы III орын-дарды иеленіп, ақшалай сыйлықпен, волейбол кубогымен марапатталды. Және «Үздік спортшы», «Үздік шабуылшы», «Үздік байланыстырушы» номинациясын иеленген спортшыларға ақшалай сыйлық берілді.

Осы аталған іс шараны жоғары деңгейде өткізуге ат салысқан мектеп ұжымы мен мектеп бітіріп кеткен түлектерге, еске алып отырған ағаларымыздың ұрпақтарына алғыс білдіреміз!

Кім ойлаған лаулаған от өшет деп,
Кім ойлаған ерте өмірден көшет деп.
Арамызда жұлдызды адам жоқ бүгін,
Еске алу тірілерден ізет тек.
Өткенге тағзым – келешекке аманат. Осындай игі шаралар арқылы мектеп тарихы жаңғырып, ұрпақ санасында мәңгілікке сақтала бермек.

Р.Мейрбекова, М.Маметова АОМ директоры, Ескелді ауданының мәслихат депутаты

2026 ЖЫЛҒЫ 10-31 ҚАҢТАР АРАЛЫҒЫНДА «ӨЗІНДІ ТЕКСЕРІП, ҚАУІПСІЗ БОЛ» АКЦИЯСЫ ӨТУДЕ



Акцияның мақсаты: - тұрғын үй секторларында өртқауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау; - тұрғын үйлерге орнатылған түтін мен улы газ датчиктерінің жарамдылығын тексеру; - халыққа тұрмыстық қауіпсіздік шаралары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, пайдалы кеңестер беру. Өз қауіпсіздігіңіз - өз қолыңызда! Қауіпсіздік талаптары қатаң сақтайық, қауіпті жағдайлардың алдын алайық!

Ескелді ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

2026 жылғы 10-31 қаңтар аралығында Ескелді ауданында

Өзінді тексеріп, қауіпсіз бол акциясы өтуде

1. Тұрғын үйде өрт қауіпсіздік өлшемдерін тексеру.
2. Үйлерге орнатылған улы газдың анықтау датчиктерінің жарамдылығын тексеру.
3. Халыққа тұрмыстағы қауіпсіздік бойынша кеңес беру.

Өз қауіпсіздігің өз қолыңда

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АРНАУЛЫ АЭЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 142-бабына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес, Ескелді аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Е.Ахметов,
Аудан әкімі

«2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АРНАУЛЫ АЭЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ» АУДАН ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№	Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтер тізімі	Өзірлеуші-орындау органының ақпараты
1	Өзірлеуші мемлекеттік органның атауы	«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Рес-публикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республи-касы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Пре-зидент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тап-сырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері.	Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссия-сы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі).	Бұл нормативтік құқықтық акт жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздемейді.
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын халықтың ауқымды топтары үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдары, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы.	Қаулы жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды
5	Әлеуетті стейкхолдерлер (мемлекет, бизнес-қоғам, халық, өзге санаттар) үшін мүмкін салдарды егжей-тегжейлі сипаттайтын нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	Мақсаты - 2026 жылға арналған арнау-лы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту болып табылады.
6	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.	Қажет болған жағдайда
7	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республи-касы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.	Сәйкес келеді
8	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Осы нормативтік құқықтық акт кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарын ұлғайтуды немесе азайтуды көздемейді.

А.Беисбаев
Бөлім басшысы

ПЕШТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Пешті жылыту кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу жылу маусымында өрттердің тұрақты себебі болып табылады. Себебі қабырғаларында жарықтардың пайда болуы және қатты қызып кету, мұржаларда жиналған күйіктің болуы болуы мүмкін.

Құрылыс нормалары кез-келген пештің өрттен қорғаныс талаптарын ескере отырып жасалғанын талап етеді. Аязды күндерде пештер жиі ұзақ уақыт қызады, нәтижесінде пештің жеке бөліктері қатты қызып кетеді. Егер бұл бөліктер ғимараттың ағаш құрылымдарымен жанасса, онда өрттің шығуы сөзсіз. Сондықтан ұзақ уақыт бойы бір рет емес, пешті күніне екі-үш рет, 1,5 сағаттан артық емес жылыту ұсынылады. Ұйықтауға 3 сағат қалғанда пешті тоқтату керек. Пештің жанында, пештің едендерінде киім мен басқа да жанғыш материалдарды кептіруге тыйым салынады, және, әрине, пешті жағу кезінде жанғыш және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға болмайды. Мұндай жағдайлар сирек кездеседі, бірақ олар әдетте күйікке және өлімге әкеледі. Жылыту маусымы басталғанға дейін әр пеш, сондай-ақ үй ішіндегі қабырғадағы түтін арналары, әсіресе шатырдағы және төбесіндегі мұржалар ақ түспен әктелу керек, осылайша олардан өткен түтіннен қара сызаттар ақ фонда көрінуі мүмкін. Ғимараттардың жанына толықтай сөнбеген көмір мен күлді тастамаңыз. Үй иелері плитадағы мұржаларды кем дегенде екі айда бір рет тазартуы керек. Жиһаз және басқа жанғыш заттар от пешінен 0,7 м, ал пеш саңылауларынан кемінде 1,2 м қашықтықта орналаспауы керек. Жас балаларды жылыту плиталарының алдына ересектердің бақылауынсыз қалдыруға тыйым салынады. Плитаның, мұржаның ағаш шатырлары немесе еден төбелері бар түйіспелерде кірпішпен кесу қалыңдатылуы керек. Пештің қабырғаларының қалыңдауы туралы ұмытпаңыз. Өрт сөндіргіштің алдындағы жанған еденде өлшемі кемінде 0,5x0,7 метр болатын металл парақ ілінген. От отқа төзімді кірпіштен жасалған. Пештің тәуелсіз іргетасы болуы керек және қабырғалардың біреуінің бүкіл қуысын ағаш конструкциялармен байланыстырмауы керек. Олардың арасын-да пештің барлық биіктігі үшін ауа саңылауы болуы керек. Ешқандай жағдайда плита ағаш отпен қыздырылмауы керек, ол ұзындықтағы оттыққа сәйкес келеді. Бөренелер арқылы өрт шығып, жақын орналасқан заттарға, еденге және қабырғаларға таралуы мүмкін. От пешінің есіктері жабық екеніне көз жеткізіңіз. Пештер жанында заттар, қағаз, жанғыш және жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш материалдар мен заттарды сақтамаңыз. Пештерді тұтату үшін керо-син, бензин және басқа да тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға болмайды. Морды шатыр жотасы-нан 70 см биіктікке шығару керек. Пешті жөндеу үй иесінің міндеті және плитаны орнату үшін білікті техник маманы жауап береді. Өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау сіздің өміріңіз бен мүліктің қауіпсіздігіне кепілдік береді!

Қ. Әшімов,
Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШТАРЫ ЖҰМЫС ЖАСАУДА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастамасымен egov.kz. Электронды үкімет порталы арқылы электронды қызмет алу үшін Ескелді ауданындағы 11 ауылдық округ әкімі аппараттары, аудандық сервистік әкімдік, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, мансап орталығы ғимараттарында «Элек-тронды қызмет көрсету бұрыштары» іске қосылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының басты мақсаты – қызмет алушыларға барынша жағдай жасау, қызмет беруші мен қызмет алушы арасындағы бетпе-бет қарым-қатынасты болдыр-мау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, халық арасында egov.kz. Электронды үкімет порталын танымал ету. Егер сіздің үйіңізде дербес компьютеріңіз болмаса, ЭЦҚ-ңы. (электронды-цифрлық қолтаңба) болған жағдайда Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ ауылдық округ әкімі аппараттары ғимараттарындағы «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» арқылы электронды қызметтерді алуыңызға болады. Бұл жоба әсіресе шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын қызмет алу-шылар үшін өте қолайлы. Ауылдық округ әкімі аппараттарындағы 11 маман қызмет алушыларға электронды қызмет алу үшін көмек көрсету мақсатында арнайы оқытылып, бекітілген. Қызмет алу барысында қиындықтар туындаған жағдайда осы жауапты мамандардан кеңес алуға болады.

Ш. ТЕМИРГАЛИЕВ ,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының, мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы

УЛЫ ГАЗДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ

Қазіргі уақытта ең басты мәселелердің бірі тұрғын үйлерде ақаулы пештерден өрттер шығып, иісті газбен уланған азаматтар ауруханаларға түсуде. Яғни жыл басынан облыс аумағында 12 адам уланып, улану салдарынан 2 адам қаза тапты.

Түтін жолы дұрыс болмағанда, пештердің ақаулықтарынан, адамдардың иісті газбен улануы аян. Иісті газбен уланған кезде адам есінен айырылып, қаза табуға әкеліп соғады. Әдетте адам иісті газ-бен қашан дем ала бастағанын білмейді. Дегенмен біраз уақыттан кейін басы ауырады, көруі нашарлап, басы айналады, жүрегі айныйды. Адам жүре алмай қалса өлуі мүмкін. Сондықтан өрт кезіндк ең алды-мен үйдегі мүлікті емес, адам өмірін қорғау жайлы ойлау керек. Дереву далаға шығуды ойластырған жөн. Егер далаға шығу мүмкін болмаған жағдайда ауамен дем алуға мүмкіндік бар бөлмеге ауысыңыз. Және ол бөлмеге түтін мен газдың кірмеуі үшін қолдан келгеннің бәрін істеген жөн. Зардап шеккен адамды жатқан күйі дереу таза ауаға шығару ке-рек. Адамның тынысын тарылтатын киімдерден босатып, ыңғайлы етіп жатқызу керек. Егер зардап шегуші есін білмей жатса оны ауда-рып етбетінен жатқызған жөн. Бұл кезде оның тыныс алу жолдары ашылады және тілі тамағына кетпейді. Жедел-жәрдем шақыруды ұмытпаңыз. Уланудың жеңіл жағдайларында зардап шегушіге кофе, шай беріп, нашатыр спиртін иіскету керек. Жүрегі айныған жағдайда дәрігерге жүгініңіз.

Өрт шығудың басты себептері тұрғындардың өз кінәсінен, яғни мас күйінде темекі шегу, тұрғын үйдегі пештерді дер кезінде тазаламудан, отпен абай болмау, өрт қауіпсіздігін сақтамау, жас ба-лаларды қараусыз қалдыру. Құрметті аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ПАВОДКИ



В регионе начинает-ся период весеннего половодья (подъём воды от таяния сне-га и вскрытия рек), которое гидрологи прогнозируют зара-нее. В период полово-дья (март-май) вода, как правило, поднима-ется надолго.

Большинство навод-нений удаётся про-гнозировать и, тем самым, уменьшить потери.

Сложнее прогнозировать паводок – резкий и непродолжительный подъём воды из-за ливневых осадков. Паводкоопасный период длит-ся дольше половодья, подтопления местности возможны на протя-жении всего сезона дождей с февраля по сентябрь.

Несмотря на все меры, принимаемые исполнительными органами и службами гражданской защиты, каждый человек сам отвечает за свою жизнь и безопасность на водных объектах.

Люди, живущие вдоль берегов рек и в местности, попадающей в зону подтопления, должны знать и всегда помнить, если ваш дом попадает в зону возможного подтопления, то вам предстоит эваку-ироваться (временно покинуть дом). При получении прогноза о навод-нении Вам необходимо: отключить газ, воду и электричество; по-гасить огонь в печах; перенести на верхние этажи (чердаки) ценные предметы и вещи; подготовить тёплую удобную одежду, сапоги, одеяла, деньги и ценности; собрать трёхдневный запас питания; подготовить аптечку первой помощи и лекарства, которыми вы обычно пользуетесь; завернуть в непромокаемый пакет паспорт и другие документы; всегда иметь под рукой номер телефона единой дежурно-диспетчерской службы

Помните, что от умения правильно действовать в условиях чрез-вычайной ситуации и умения правильно использовать полученную информацию зависит Ваша жизнь и жизнь Ваших близких. В случае возникновения чрезвычайной ситуации звоните по телефонам: , «101» или «112».

Н ЖАКСЫБАЕВ,
Начальник ОЧС
Ескелдинского района
подполковник гражданской защиты

«НАЦФОНД – ДЕТЯМ»: ИТОГИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ СОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ КАЗАХСТАНЦАМИ НА 1 ЯНВАРЯ 2026 ГОДА

По состоянию на 1 января 2026 года в период с 1 февраля 2024 года исполнено 205 505 заявлений на получение целевых накоплений. Общая сумма средств в размере более 31,61 млн долларов США была переведена уполномоченным оператором для последующего зачисления на банковские счета заявителей - граждан, достигших 18 лет.

Из них 127 445 заявлений на сумму 19,69 млн долларов США были исполнены в целях улучшения жилищных условий, а 78 060 заявлений на сумму 11,92 млн долларов США – в целях оплаты образования. Напомним, что получатель целевых накоплений (ЦН) может использовать всю сумму полностью или частично, при этом неиспользованный остаток сохраняется на целевом накопительном счёте (ЦНС).

Наиболее популярными субцелями использования средств на улучшение жилищных условий стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 124 490 заявлений на сумму в размере 19,27 млн долларов США), внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища – 999 заявлений на сумму в размере 145,39 тыс. долларов США, приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) – 757 заявлений на сумму в размере 108,64 тыс. долларов США.

Самыми популярными субцелями в рамках оплаты образования стали: оплата образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями

(за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 71 025 заявлений на сумму в размере 11,03 млн долларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 4 933 заявления на сумму в размере 608,47 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 1 706 заявлений на сумму в размере 228,32 тыс. долларов США).

С подробной информацией о выплатах целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enprf.kz.

Напомним, что:

- участниками целевых требований являются граждане Республики Казахстан, не достигшие 18 лет, имеющие право на целевые требования;
- Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) ежегодно (1 октября) направляет в ЕНПФ отчет, содержащий информацию об общей сумме целевых требований, ставке усредненного инвестиционного дохода и сумме инвестиционного дохода, начисленного на ранее сформированные целевые требования участников целевых требований;
- ЕНПФ ежегодно не позднее 20 января формирует электронный список участников целевых требований в информационной системе ЕНПФ на основании полученных сведений из Государственной базы данных «Физические лица» (ГБД ФЛ) по состоянию на конец 31 декабря;
- ЕНПФ на основании полученной информации от НБРК и сведений о количестве участников целевых требований, включенных в электронный список, рассчитывает и вносит в информационную систему ЕНПФ данные на одного участника целевых требований о сумме целевых требований за отчетный год, сумме инвестиционного дохода, начисленного на сумму целевых требований по состоянию на конец года, предшествующего отчетному году;
- учет целевых требований, целевых накоплений и целевых активов ведется ЕНПФ в долларах США.

Целевые требования за отчетный 2025 год, а также инвестиционный доход будут начислены участникам целевых требований не позднее 1 февраля 2026 года.

Целевые накопления казахстанцев, рожденных в 2008 году и достигших в 2026 году 18 лет, также будут зачислены на их целевые накопительные счета не позднее 1 февраля 2026 года.

Регулярные отчеты по программе «Нацфонд – детям» размещаются на сайте enprf.kz.

Ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enprf.kz и на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ. Также отметим, что видеоинструкция о реализации программы «Национальный фонд – детям», алгоритме действий до и после наступления совершеннолетия ребенка размещена на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ по ссылке: <https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8>.

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ МНОГОЭТАЖНЫХ ДОМОВ

Как собственникам квартир, так и руководителям жилищно-эксплуатационных организаций следует всегда помнить, что при несоблюдении, грубом нарушении требований пожарной безопасности многоквартирных, особенно высотных жилых зданий, могут стать губительной ловушкой, заполненной ядовитым дымом. Большинство причин пожаров, условия быстрого распространения из квартиры в квартиру через балконы/лоджии, установленные в ходе незаконных перепланировок перегородки, короба вентилиции, связаны с нарушениями пожарной безопасности внутри жилых зданий. Если руководство, мастера жилищно-эксплуатационных организаций должны следить за состоянием нежилых помещений, противопожарных преград, инженерных сетей, входящих в фонд площадей общего пользования – от подъездов до чердаков, подвалов, заключать договоры на проведение своевременного технического сервиса систем сигнализации о пожаре, дымоудаления, внутреннего, наружного противопожарного водоснабжения; то собственники, арендаторы жилых, офисных, торговых помещений должны неукоснительно соблюдать правила пожарной безопасности.

- В подъезде многоквартирного дома ЗАПРЕЩАЕТСЯ:**
- хранить как горючие, так и негорючие материалы, вещества, ведь это загромождает пути эвакуации;
 - устраивать в лифтовых холлах, на площадках лестниц, вокруг неэксплуатируемых стволов мусоропроводов кладовые, делать несанкционированную перепланировку внутри квартир, в местах общего пользования, в том числе устанавливая металлические решетки для ограничения доступа;
 - загромождать, заваривать люки аварийных путей, выходов на поджиях высотных жилых зданий.
 - использовать поврежденную электропроводку;
 - оставлять без надзора бытовые нагревательные агрегаты, газовое отопительное оборудование;
 - пользоваться для очистки загрязнений ЛВЖ, горючими жидкостями, так как это может привести к пожару;
 - переоценивать свои силы и возможности;
 - рисковать своей жизнью, спасая имущество;
 - заниматься тушением огня, не вызвав предварительно пожарных;
 - тушить водой электроприборы, находящиеся под напряжением;
 - прятаться в шкафах, кладовых, забиваться в углы и т.п.

- Правила поведения при пожаре:**
- при обнаружении пожара или признаков горения (задымление, запах гари, повышенной температуры) незамедлительно сообщить по телефонам 101, 112 в противопожарную службу;
 - при этом назвать адрес объекта, место возникновения пожара и сообщить свою фамилию;
 - в случае угрозы жизни людей немедленно организовать их спасение, используя для этого имеющиеся силы и средства;
 - до прибытия пожарного подразделения использовать в тушение пожара имеющиеся первичные средства пожаротушения (вода, песок, снег, огнетушители, тканевые материалы смоченные водой);
 - удалите за пределы опасной зоны людей пожилого возраста, детей, инвалидов и больных.

К. Ашимов,
Старший инженер ОЧС Ескельдинского района

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) нысаналы жинақ алу бойынша 205 505 өтінішті орындады. Жалпы сомасы 31,61 миллион АҚШ долларынан астам қаражат уәкілетті операторларға аударылды. Олар, өз кезегінде, қаражатты 18 жасқа толған өтініш беруші азаматтардың банктік шоттарына есептейді.

Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 19,69 млн АҚШ долларына 127 445 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 11,92 млн АҚШ долларына 78 060 өтініш қанағаттандырылды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (19,27 млн АҚШ долларына 124 490 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 145,39 мың АҚШ долларына 999 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 108,64 мың АҚШ долларына 757 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (11,03 млн АҚШ долларына 71 025 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (608,47 мың АҚШ долларына 4 933 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (228,32 мың АҚШ долларына 1 706 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enprf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік:

- нысаналы талаптарға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматтары қатыса алады;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы сомасы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты қамтитын есепті жібереді;
- БЖЗҚ жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші айдың 20-нан кешіктірмей «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсан) жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;
- Қор ҚР ҰБ-тан алынған ақпарат пен электрондық тізімге енгізілген нысаналы талаптарға қатысушылардың санына қатысты мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесіне нысаналы талаптардың бір қатысушысы бойынша есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасы, есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптардың сомасына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы деректерді есептеп, енгізеді;
- БЖЗҚ нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алуды АҚШ долларымен жүргізеді.

Есепті 2025 жылғы нысаналы талаптар, сондай-ақ, инвестициялық кіріс нысаналы талаптарға қатысушыларға 01.02.2026ж. кешіктірілмей есептелетін болады.

Бұл ретте 2008 жылы туған, 2026 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтардың нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды есептеу де 01.02.2026ж. кешіктірілмей жүзеге асырылады.

«Ұлттық қор – балалар» бағдарламасы бойынша тұрақты түрде жасалатын есептер enprf.kz сайтына орналастырылады.

kids.enprf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM> сілтемесі бойынша көруге болады.

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛ

2026 жылдың 17 қаңтар күні Шымыр ауылында ардагерлер арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды.

Аталған спорттық іс-шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, ардагерлер арасында бұқаралық спортты дамыту және спорт ардагерлеріне құрмет көрсету болды. Жарыс жоғары деңгейде өтіп, қатысушы командалар тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Жарыс нәтижесінде:

1 орын Жаркент командасы

2 орын Ушарал командасы

3 орын Алакол командасы иеленді.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңіске жеткен және жүлделі орын алған командалар кубоктармен, медальдармен, грамоталармен, сондай-ақ демеушілердің атынан қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Аталған жарыс ардагерлер арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, спортқа деген қызығушылықты арттыруға үлкен үлес қосты.

Г.ОМАРОВА,

«Спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы»
KMM-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



нығайтуға оң әсерін тигізеді.

Көкжазық ауылдық округінің спорт кешенінде мекеме қызметкерлерінің қатысуымен таңғы жаттығу өткізілді. Аталған іс-шараның басты мақсаты – салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене белсенділігін арттыру және жұмыс күнін сергек көңіл күймен бастау.

Таңғы жаттығу барысында қатысушылар кәсіби нұсқаушының жетекшілігімен дене шынықтыру жаттығуларын орындап, бой сергітті. Жаттығу кешені бұлшық еттерді шынықтыруға, жалпы ағзаның жұмысын жақсартуға бағытталды.

Іс-шараға қатысқан мекеме қызметкерлері таңғы жаттығудың денсаулыққа пайдасы зор екенін атап өтіп, мұндай спорттық бастамалардың жиі ұйымдастырылуы қажет екенін жеткізді.

Осындай бұқаралық-спорттық іс-шаралар қызметкерлердің белсенділігін арттырып, ұжым ішіндегі ынтымақтастықты

Г.ОМАРОВА,

«Спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы»
KMM-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

СЫРЫМБЕТ АУЫЛЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТА ЖАРЫСЫ ӨТТІ

2026 жылдың 15 қаңтар күні Сырымбет ауылында Ж. Жақылбаев атындағы орта мектеппен бірлесе отырып, тұрғындар арасында отбасылық эстафета жарысы ұйымдастырылды. Аталған спорттық шараның негізгі мақсаты – отбасылық құндылықтарды нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту. Жарысқа қатысқан отбасылар өзара белсенділік танытып, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын – «Бірлік» командасы

II орын – «Достық» командасы

III орын – «Достық» командасы иеленді.

Жеңімпаз және жүлдегер командалар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” KMM-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубоктармен, ал мектеп әкімшілігінің атынан медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Аталған жарыс қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, спорт арқылы отбасы мүшелерінің бірлігін арттыруға зор үлес қосты. Осындай игі бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп күтілуде.

Г.ОМАРОВА,

«Спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы»
KMM-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі



«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ» АТТЫ ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2026 жылдың 14 қаңтар күні Алдаберген ауылында тұрғындар арасында «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында волейбол жарысы ұйымдастырылды. Аталған спорттық іс-шараның басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, жастарды спортқа баулу және зиянды әдеттердің алдын алу.

Жарысқа ауылдың жасөспірімдері белсене қатысып, өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті. Қорытынды нәтижесі бойынша:

I орын – 9 «а» сыныбы

II орын – 9 «ә» сыныбы

III орын – 7 сынып командасы иеленді.

Жеңімпаз және жүлдегер командалар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” KMM-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Аталған жарыс қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, спортқа деген қызығушылықты арттырды. Осындай мазмұнды спорттық шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп күтілуде.

Г.ОМАРОВА,

«Спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы»
KMM-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІНІ ІСКЕ ҚОСТЫ

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары мен қонақтары!

Халықтың хабардарлық деңгейін арттыру және азаматтарға консультативтік көмек көрсету мақсатында Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша жедел желіні іске қосты.

Енді әрбір азамат өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандардан кеңес ала алады.

Жедел желінің жұмыс уақыты: дүйсенбі – жұма күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін

(түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін).

Байланыс телефоны: 8 (7282) - 55-91-27.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз және мұқият болыңыз!

Сіздің қауіпсіздігіңіз – өз қолыңызда!

Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА КЕДЕЙШІЛІК ШЕГІ 2026Ж. 1 ТОҚСАНЫНА

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ» № 224-VII кодексінің 11 бөлімінің 120 бабы 4 тармағына сәйкес, Жетісу облысы бойынша 2026 жылдың 1 тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 57 201 теңгені құрайды, осыған сәйкес, кедейлік шегі 40 041 теңге (57 201 x 70%) мөлшерінде анықталды.

А.БЕЙСБАЕВ,

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлім басшысы

ЧЕРТА БЕДНОСТИ НА 1 КВАРТАЛ 2026Г. К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

В соответствии с «СОЦИАЛЬНЫМ КОДЕКСОМ» Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗРК. Глава 11, статьи 120 пункта 4 - прожиточный минимум по области Жетісу на 3 квартал 2025 год составил 57 201 тенге, черта бедности определена в размере 40 041 (57 201 x 70%).

А.БЕЙСБАЕВ,

Руководитель районного отдела занятости и социальных программ

УЛЫ ГАЗДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Улы газ –өнімдерінен шығатын ең улы компоненттердің бірі. Иіс тию адамның қиын жағдайға әкелуі мүмкін, кейде өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың иісі де, түсі де, дәмі де жоқ, ал ол жану процесі бар барлық жерде, тіпті пеште пайда болады. Өкінішке орай, оның құрбандары көбінесе адамдар болады.

Әдетте, түн шықтырғыш газбен улану ақаулы жұмыс пешпен жылыту нәтижесінде, өрт ошағында адам болған кезде, қозғалтқышы қосылған жабық автомобильде басталады. Тыныс алу кезінде ағзаға түсу, ол окпеден қан жүйесіне өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде қан оттегі тасымалдау және жеткізу қабілетін жоғалтады және дене өте тез оның жетіспеушілігін бастан бастайды. Бірінші кезекте ми зардап шегеді, бірақ зақымдану мүмкін басқа да ағзалар – жалпы денсаулық жағдайына байланысты.

Есіңізде болсын!

Улы газ қауіпті, ол тез және байқаусыз әрекет етеді, сондықтан өмір мен денсаулық қабылданған шаралардың жылдамдығына байланысты, Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

Ж ҚҰМАРБАЕВ, Ескелді ауданы ТЖБ бас маманы
азаматтық қорғау майоры

НАВАРЛАНДЫРУ

Открылось наследственное дело на имя Абетева Берик Рахымжанович, умершей 09.07.2025 года. Наследников прошу обратиться - 8 705 119 35 35

Открылось наследственное дело на имя Абылкасимова Жумагуль Балтабаевна, умершей 20.10.2025 года. Наследников прошу обратиться - 8 705 119 35 35

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет

о начале подписной

компани на 2026 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 66535 Юр.лицо - 17535

Сумма подписки:

Физ.лицо: год – 6331,52тг Юр.лицо:

год – 7267,52 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет
қазақ
және орыс
тілдерінде
аптасына
бір рет
жұма күні
шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 98 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ